

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мұхаметқалиева Ақерке Қадылбекқызы

akerkemukhametkaliyeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор Г. Б. Мамаева

Этномәдениеттану – этнология және мәдениеттанумен сабақтас ғылыми пән, этникалық мәдениет. Лингвистикалық сөздікте: «Этнология мен мәдениеттанудың түйіскен жерінде пайда болған ғылыми пән, оның тақырыбы этникалық мәдениет болып табылады» деген анықтама берілген [1].

Ал этнопсихологиялық сөздікте мәдениеттанудың бір саласы ретінде қарастырылады: «Этномәдениеттану – мәдениеттанудың бір саласы. Ғалымдардың пікірінше мәдениет адамдардың мінез-құлқына белгілі бір шектеулер қойылатынынан басталады, өйткені мәдени ортаның тұтастығы мінез-құлықтың біртұтас ережелерін, жалпы ұлттық жадының болуын, этникалық топ өкілдері арасында әлемнің біртұтас бейнесін жасаудан тұрады [2].

Этникалық мәдениет, ең алдымен, рухани құндылықтарды, идеаларды, әлеуметтік мәдени кеңістіктегі бағдарлану тәсілдерін қамтиды, олар материалдық болмыс заттарында да, менталитетінде де, осы этнос өкілдерінің когнитивтік қатарында да бекітілген. Тарихи даму үдерісінде әр халық өзінің этникалық санасын білдіру үшін пайдаланатын мәдени құндылықтардың өзіндік біртекті жүйесін жасайды. Бұның барлығы айналып келгенде қазақ халқының түр-түстанудағы қызығушылығын арттырады.

Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк Түрік, Ақ Орда, Көк Орда, мәдениетімізбен байланысты кісі өлсе, үй сыртынан ту тігу, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау – бәрі-бәрі түр-түспен байланысты. Тіпті, тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, өз мұңын, жағдайын, қуанышын жіптің түр-түсімен жеткізіп отырған: «Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп – керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген» [3].

Кез келген ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке, өзіндік белгілік таңбалық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Қоршаған орта, аспан әлемін тіпті кез-келген материалдық мәдениетке байланысты заттар, киім-кешек, құрал-жабдық, болмаса рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрді түр-түссіз қабылдау мүмкін емес. Онсыз оның болмыс-бітімі толыққанды болмайды. Сондықтан түр-түс – ұлт мәдениетін танытатын бірден-бір жол. Ол өз тамырын терең жайып, ата-бабамыздың мифтік түсінігімен де астасып жатады.

Қазақ тілінде жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асқанымен,

олардың тек он бірі негізгі түр-түстерге жатады деп есептейді Ә.Қайдаров, олар: ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, көгілдір, күлгін, қоңыр, боз, сұр. Ғалым тілімізде қырыққа жуық әртүрлі сөз тұлғасы арқылы жасалған түр-түс атаулары бар деп санамалап көрсетеді: ақ, боз, сұр, қара, ала, ал қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, сарғыш, ақша, ақшыл, зеңгір, бурыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай, т.б. Бұларға қосымша түр-түстік мағына білдіретін сөздер мен сөз тіркесі ретінде шымқай, қырмызы, шұбар, қожалақ, шаңқан, тұм, шикіл, қошқыл, секпіл, тарғыл, қылаң, жолақ, сағал, таңдақ, далаптай, анардай, аршыған жұмыртқадай т.б. [4, 35].

Сын атауының шығу тарихы жайында белгілі ғалым С.Аманжолов: «Кейбір сын есімдердің әлі күнге шейін әрі зат есімдік, әрі сын есімдік мәні бар мысалы: «көк» әрі нәрсенің түсі, әрі «аспан» мәнінде; «қара» әрі «мал» мәнінде; «қызыл» әрі нәрсе түсі, әрі қоғамдық топтың символы т.б. Кейбір түркі тілдеріндегі материалдарды салыстыра тексерсек, бір тілде зат есім болып жүрген сөз екінші тілде сын есім орнына қолданылады екен. Мысалы, «қызыл» - азербайжан тілінде зат есім, «алтын» деген сөз, бізде ол сын есім мәнінде, ал азербайжан тіліндегі «қырмызы» - жібектен істелген товардың аты, зат есім» [5, 337] деген пікірді білдіреді. Бұл тұста сындық түстердің аталымжасаудағы қызметі сол кездің өзінде мәні зор екенін байқауға болады.

Түр-түстің білдіретін мағыналары туралы Ә. Марғұлан былай деп жазды: "Көк түс – аспанның символы, аспанға құлшылық етудің символы; қызыл – от, күн; ақ – шындық, қуаныш, бақыт; сары – ақыл; қара – жер; жасыл-көктем, жастық" [6].

Қазақ мәдениетінде түс атауларының биігінде «көк» түсі тұрады. Оның қасиетті болатын себебі: көк – Тәңір, көк – аспан, көк – көктем, көк – жаз, мал тойынатын кез.

Қазақ ұғымында көк – тыныштық пен бірліктің, берекенің белгісі. Ол аспанмен, тәңірмен қуатталады. Сондықтан ол мықтылықты, жеңімпаздықты, рухы жоғарылықты, үстемдікті, паңдықты білдіреді. Соған сай көк түрік, көк ту, көк бөрі, көк төбе, көк сауыт, көк найза, көк сүңгі, көк болат, көк мылтық, көк қаршыға т.с.с. тіркестер бар. М.Қашқаридің «Лұғатында» «көк» сөзі тек, ата тек ретінде алынған: «оның көгі кім?».

Сонымен қоса, көкпар ойыны да қазақ арасында кең тараған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше «Көкпар» атауы о баста «көк бөрі» дегеннен шыққан. Көк бөрі түркі тектес халықтардың сиынушы пірі қасиетті хайуан бола тұрса да, ертеректе малдың мазасын алған жыртқыш ретінде атып, ұрып, не ұстап алған қасқырды – «көк бөрі» атты спорт ойынына айналдырған. Кейін көк бөрі орнына лақ, серкені тартатын болған. көкпар әдетте, ру ақсақалдардың үйлеріне, көп балалы не баласы жоқ үйге ырым етіп тасталатын болған. Көкпар тасталған балалы үй ақсақалы «Көгерт! Көгерт!» деп, баласыз үй ақсақалы «Бағың жанып, немере-шөберелі бол!» деп, бата берген үстіне шапан не орамал жапқан.

Көктің келесі бір білдіретін мағынасы – сезім, нәзік үміт, махаббат, жақсылық, жылылық, жан жақындығы, тілек бірлігі: көгілдір сезім, көк теңіз, көгілдір көл, көк көгершін, көк сағым, көк терек, көк аспан, көк бұлт, көк күйме, Көк жорға, т.с.с.

Көк салқындықты, қарапайымдылықты, ойлылық, ойсыздықты, зиялылықты, әр түрлі реңкінде сенімділікті, тұрақтылықты, іскерлікті, ізгілікті, тереңдікті, аяқталуды білдіруі мүмкін: көк есек, көк ми – су ми, көк ет, көк жалқау, көк көйлек, көк айыл, көк бет, көк мылжың, көк долы, т.б.

«Ақ» сөзі қазақ тілінде аса бай, соншалықты нәзік сан қырлы сырлы мағынаға ие. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққабалаған. Себебі, бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Сондықтан да сүттің түсі қазақ ұғымында көптеген жағымды ұғымдардың рәмізіне айналған. Осы бір жақсылықтың, адалдықтың, әділдіктің белгісі болып саналатын ақ сөзі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркес құрамында бұдан өзге де мән-мағынаға ие болады.

Ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың символы»-деп Ә.Марғұлан айтқандай, қазақта ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Ол адамның мінезімен, ерік-жігер, мақсат-мүддесімен сабақтас. Халқымызда “Асыңа тойғызбасаң да, ниетіңе тойғыз” дейтін мақал осыны білдіреді. Ақ ниетті адам өмірінде үнемі ағынан жарылып, ештеңені жасырмай, бар шынын айтады. Халық ондай ашық-жарқын мінезді адамды құрмет тұтып, оған ізет көрсетіп отырған.

Ақ сөзінің тағы бір мағынасы - тілектестік, тілеулестік мағыналары. Қазақтарда құдандалы болғанда, қыздың әкесі құдаларына батасын оқытып, ақ төс сары қасқаны сойған. Қазақта «ақ қойдың қаны - ақ бата оқығаны» деген сөз осыдан қалған сияқты. Ақ түсті тоқтыны таңдаудың мағынасы ақ тілеу мен өсіп-өнудің нышанына сенуден туындаған. Бұрынғы кезде атақты адамдардың асына арнап, ақ түсті жылқы сойғанын А.И.Левшин

еңбегінде келтірген. Ақ түсті атты арнап асқа союдың – қайтыс болған адамның атақ-дәрежесін көрсету. Бірақ, осы әдеттің неліктен жылқы түсінің ақ боз, қой басының ақ сары немесе ақ төс сары қасқалы түсіне қатысты болғанын дәл айтып беру оңай емес. Әйтеуір күні бүгінге дейін дінге сенушілер істің жақсылықпен бітіп, қуанышпен аяқталуын тілегенде, Алласына жалбарынып «ақ сары бас, ақ сары бас!» – деп, құрбан шалатынын ескеріп жатады.

Ақ түске байланысты тілдегі символизмдердің түрлері, мотивтері, қолданыс аясы әр алуан. Солардың бір көрінісі, адам денесінде болатын «ақ» түсті қалға, қасқа, шашқа да қатысты. Адам бойында сирек кездесетін құбылыстарды халқымыз жақсылықтың, игіліктің, қасиеттіліктің нышаны деп танып келеді. Денесіндегі ақ қалы бар адамды құрметтеу салтымен «Аққал» деп ат қойып, жария қылатын; түшкірген балаға үлкендер «Ақ қас, мұңсыз бол!» деп тілегін айтып, көңілін қош қылады. Ал енді маңдайынан қасқайып бір тұтам ақ шыққан адамның жай емес, бір қасиеті бар деп түсінген. Демек, халық ұғымында «ақ қал», «ақ шаш», «ақ қас» адамдар, малда – боз қасқа, ақ түйе, ақ сары бас қой – бәрі де ақ түске байланысты нышан, ерекше белгі.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **қара** сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады [7]. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. Қара сөзінің ауыспалы коннотативтік мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп: қара, қара тұту, қара жамылу, қара ту, қара тігу, қараны жығу, қаралы көш, қара қазан, қара шаңырақ, қара шымылдық, қара жаулық, қара ниет, қара жүрек т.б. Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, белгілі этнограф Ө.Жәнібековтің көрсетуінше, қазақ халқында ертеректе ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан қара ала шашақты қара жалау көтеріп, жақындары қара жамылып аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ер-тұрманына қара жабу жауып, көші-қон кезінде жетелеп ертіп жүрген.

Қазақтар адам өлгенде найзаға қаралы ту тағып, шаңырақтан шығарып қоятын болған, адам жерленгеннен кейін найзаны сындыру ырымы жасалған. Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты кітабында айқанындай, қазақтар өлікті қойып болған соң «қара»тұрғызады. «Қара» дегені – найза ұшына белгі байлау, мәйіт жас болса – қызыл, ересекке – ақ, орта жасар болса – бір жағы қара, бір жағы қызыл не ақ матадан құрап тігеді. Бұл қара қазаның белгісі. Өлікке тігілген белгі қай түрлі болсын «қара» деп аталады.

«Қара» түр-түс атауының басқа қасиетті, киелі деген мәнді білдіретін мағынасы бар. Бұл тіліміздегі қара қазан, қара шаңырақ сияқты сөз тіркестерінің құрамындағы қара сөзінен көрінеді.

Қара сөзінің ендігі бір символдық мағынасы – шыдамдылық, төзімділік: қара түсті мал ақ, боз түстіге қарағанда шыдамды келеді екен. Бұдан қара түсінің шыдамдылық мәнінде болатынын көреміз. Қазақтағы қара өлең ұғымы да алғашқылықты, бастапқылықты білдіретін сияқты. Демек қара өлең дегеніміз – байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қара тау, қара халық, қара сөз, қара жол деген тіркестердегі анықтауыштар тек түсті ғана білдіріп тұрмағандығы түсінікті: ежелгі тау, негізгі халық, бастапқы сөз, басты жол деген ұғым береді.

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – **қоңыр** түсі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қоңыр түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн»[7].

Қоңыр – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымдарында бұл түс ерекше орын иеленеді. Қоңыр– алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. Қоңыр сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабақ, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебірентетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің

жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз, т.б.

Қазақ халқының **сары** түсі қозғалысты, сағынышты, сарқылмас өмірді, кеңдік пен салмақтылықты білдіреді. Растау үшін фразеологиялық тіркестердің келесі қатарын келтіреміз: сары уайым – ауыр қайғы; сарғая күту – ұзақ уақыт бойы тосып күту.

Р.Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі сары сөзінің мағынасы қоспасыз, таза, ал «сары уайым» дегендегі «сары» сөзі парсы тілінде уайым, қайғы екенін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – уайым (сар), екіншісі – қазақша уайым сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [8, 106 б]. Сондай-ақ «сары алтын» тіркесіндегі «сары» сөзінің негізгі мағынасы «таза», «шынайы» екендігінде дау жоқ, ал «сары уайым» тіркесіндегі «сары» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «сар(ы)» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «шын», «нағыз». Е.Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын», «анық көрінген», «басты» деуі қисынды. Осыған орай «сары уайым» – «негізгі, анық уайым», ал «сарыла күту» – «шыдаммен, нағыз күту» дегенге саяды. Мәселен, сары сөзінен уайым-қайғыға байланысты пайда болған сары уайым, сарыла күту сөздерінде сағыныш мәні жатса, сары күз, ұзынсары тіркестерінен ұзақ уақыт түсінігі аңғарылады. Сары сөзінің негізінен сарық сөзі, сағыныштан сарғаяу, сары жамбас болу, сары төсек тіркестері де қалыптасқан.

Сары – байлықтың белгісі. Тілімізде кездесетін «Қағанағы қарық, сағанағы сарық» тіркесінің бүгінде мағынасы көмескі секілді көрінгенімен, бұндағы сарық сөзі алтын, яғни көл-көсір байлық мәнінде қолданылғандығын байқауымызға болады.

Сары сөзінің ендігі бір белгілік мағынасы – кеңдік. Тілімізде сары сөзі дала, арқа, жазық, бел, жайлау т.б. көптеген сөздермен тіркесе келіп, кең, шексіз, ұшы қиыры жоқ деген мағыналарды білдіріп тұр.

Сары түсінің келесі бір мағынасы – адамның немесе малдың жас мөлшеріне қатысты туған мағынасы. Мәселен, жер ортасындағы кексе әйел не ер адамға қатысты сары қарын бәйбіше, сары кідір еркек немесе сары кідір әйел тіркесіндегі сары сөзі біршама өмір көрген, үлкен адам деген мағынаны беріп тұр. Сары сөзінің үлкендік мағынасы халық батасында көп кездесетін «Ақ қас, сары тісті бол!» деген тілектен де көрінеді. Малдың жас мөлшеріне қатысты сары қарын бие, сары тіс айғыр деген сөздерден де сары сөзінің жас емес, кәрі мағынасында келгендігін байқауға болады. Алайда, осы сары сөзінің үлкендік мағынасымен қоса оған қарама-қарсы, жас мөлшеріне қатысты кішілікті білдіретін де мағынасы бар. Бұған тіліміздегі сары ауыз балапан, сары үрпек, сары бала тәрізді сөз тіркестері дәлел.

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі **қызыл** мен **жасыл** сөздерінің түбірі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – ыл – іл моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін қызар етістігін алып, боз - бозар, көк - көгер, ақ – ағар моделі бойынша талдаса да жеткілікті. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл қыз түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: Бұ ат қыз алдым – Бұл атты қымбат алдым. Сонда қыз түбірінің мағынасы: 1) қызыл; 2) қымбат, соған тағы да -ыл жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан. Жасыл түс атауының да түбірін жас деп тануға болады. Мұнда да о бастан заттық не сындық, мағына болған. Жас сөзінің бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк, өсімдік» деуге болады. Кейін бұл мән жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кейін кісінің өмір сүру жыл санына ауысқан.

Қорыта айтқанда, қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі түр-түс атауларында жасырынған. Символдық мәнге ие түр-түс табиғаты ерекше, ол ерекшелік сөздің танымдық,

ұлттық, мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүние тануымен, құбылыстарға баға беруімен, әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір түр-түстік символдар халықтың өмірінде маңызды орын алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жеребило Т.В. Словарь лингвистических терминов. 5-е изд., испр. и доп. — Назрань: Пилигрим, 2010. — 486 с. — ISBN: 978-5-98993-133-0
2. Құмарова Б. Көне өнерді жаңғыртайық // www.vkoem.kz
3. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: Ана тілі, 1992. 160 б. , 35
4. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
5. Маргулан, А. Х. Казахское народное творчество / А.Х. Маргулан. — Т. 1. — 191 с. , 87 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . - 967.б– (Қазақ сөздіктері. - – 9965-798-99-0(мұқ.)
7. Сөздер сөйлейді [Мәтін] : (сөздердің қолданылу тарихынан) / Р. Сыздықова,– 2-ші бас. . - Алматы : Санат, 1994 . - 191 б. Библиогр.: 189-190 б. - 3 000 дана . – 5-7090-0045-0
8. Қ. Халид. Тауарих хамса. Алматы. 2000.